№32
(8132)

11 тамыз
Сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

# Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады

# ТАҒЫ БІР ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ТАЯДЫ
## БАЛАМЫЗ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫН БА?

**ӘНЕ-МІНЕ ДЕГЕНШЕ, КҮЗГЕ ДЕ ТАЯП ҚАЛДЫҚ. ТОҚСАН КҮН ЖАЗДЫҢ ЖЕТПІС КҮНІ ЗУ ЕТЕ ҚАЛДЫ. ТАМЫЗ ТАМЫЛЖЫП ТҰРҒАНМЕН НАҒЫЗ ҚАРБАЛАС ШАҚ. АРҒЫ ЖАҒЫНДА ҚЫРКҮЙЕК «ҚЫЛТИЫП» ТҰР. ДЕМЕК, ТАҒЫ БІР ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ТАЯДЫ... МӘСЕЛЕН, ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ ҰСЫНҒАН ДЕРЕККЕ СҮЙЕНСЕК, АЛДАҒЫ ОҚУ ЖЫЛЫНДА 1 СЫНЫПҚА 350 ОҚУШЫ ҚАБЫЛДАНАДЫ ДЕП ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР. ҚАЗІРГІ ТАҢДА 289 ОҚУШЫНЫҢ АТА-АНАСЫ НЕМЕСЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛІ ҚҰЖАТТАРЫН ТАПСЫРДЫ. БИЫЛҒЫ ОҚУ ЖЫЛЫН 9 СЫНЫПТЫ 291 ОҚУШЫ АЯҚТАП, 81 ОҚУШЫСЫ КОЛЛЕДЖДЕРГЕ ОҚУҒА ҚҰЖАТ ТАПСЫРДЫ. 11 СЫНЫПТЫ 172 ОҚУ АЯҚТАП, 42 МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ ИЕГЕРІ АТАНДЫ.**



Тамыз айы туа салысымен ата-ананың басты мәселесі баланы мектепке дайындау. Үш айлық демалыстан кейін баланың эмоционалды, психологиялық тұрғыдан мектепке баруға дайын болуы ол бар, одан бөлек керек жабдық пен мектеп формасы мәселесі де тұр. Елімізде мектеп оқушылары 2003 жылдан бастап бірыңғай мектеп формасы енгізілді. Мектеп формасы оқушылар арасындағы әлеуметтік теңсіздік пен басқа да ерекшеліктерді болдырмайды. Зайырлық сипатта, классикалық үлгіде, бірыңғай түсті. Бірыңғай мектеп формасы ең алдымен оқушылардың арасындағы тәртіп мәселесін қалыптастыратыны да белгілі... Дегенмен, барлық отбасының бірдей жалпыға ортақ талапты орындауы мүмкін бе?

*«Бірнеше жылдан бері қалыптасқан дәстүрге сәйкес, биыл да 1 сыныпқа баратын оқушыларға жерлесіміз, «Анвар» ЖШС-нің директоры Талғат Салфиков республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында мектеп құралдары салынған мектеп сөмкесін алып береді. Ауылдағы кәсіпкерлерді де осы акцияға атсалысуға шақырып отырмыз»*, - дейді аудандық білім бөлімінің сектор меңгерушісі Гүлмира Садақбаева.

*«Биылда 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін Жалпыға міндетті білім беру қоры аясында әлеуметтік осал санаттағы балаларға мектеп формасын, аяқ киім мен мектеп құралдарын сатып алуға көмек көрсетіледі. Білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге арналған қаражатты қалыптастыру, бағыттау және бөлу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы негізінде Ойыл ауданы бойынша 50851 теңге 385 оқушыға беріледі»*, - дейді.

**P.S. Ашық дереккөздердегі Оқу-ағарту министрлігінің ұсынған мәліметіне жүгінсек, 2026-2027 оқу жылы қарсаңында 450 мыңға жуық бала қолдаумен қамтылады. Осы мақсаттарға жергілікті бюджеттерде 23 млрд. теңгеге жуық қаражат қарастырылған.**

**Көмек жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балаларына, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға беріледі.**

**Төлемді алу үшін ата-аналар немесе заңды өкілдер тиісті құжаттарды білім беру ұйымына тапсыруы қажет.**

**Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,**
**Ойыл селосы.**

## ЕРІКТІЛЕР ФОРУМЫ — ІЗГІЛІКТІҢ БАСТАУЫ



12 тамыз – Халықаралық жастар күніне орай ұйымдастырылған «Volonter Fest» еріктілер форумы аясында «Заң мен тәртіп» тақырыбында жастармен кездесу өтті. Яғни, жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру және заң мен тәртіптің маңызын түсіндіру мақсатында арнайы кездесу ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында аудан прокуроры Рауан Дайырбекұлы, полиция бөлімінің басшысы Ардақ Нажиоллаұлы және аудандық мәслихаттың төрағасы Сәкен Ғазизұлы сөз сөйлеп, жастарды заң талаптарын сақтауға, қоғамдық тәртіпті құрметтеуге және елдің дамуына жауапкершілікпен үлес қосуға шақырды.

Кездесу барысында жастар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, құқықтық тақырыптар бойынша пікір алмасты. Мұндай кездесулер жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және азаматтық жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Форумның негізгі жұмысына Ақтөбе облыстық «Волонтерлік фронт-офисінің» үйлестірушісі, волонтерлік сала бойынша тренер, халықаралық волонтер Еркеболат Тағанов пен М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің студенттік проректоры Бектас Жасаралұлы шақырылды. Кездесу барысында жастарға волонтерлік қызметтің маңыздылығы мен қоғамдағы рөлі туралы жан-жақты ақпарат беріліп, тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар қатысушыларға арналған қызықты тренингтер мен интерактивті ойындар ұйымдастырылып, белсенді жастар өзара тәжірибе алмасты. Волонтерлік – ізгілікке бастайтын жол. Осындай игі бастамалар жастардың белсенділігін арттырып, азаматтық жауапкершілігін нығайта түседі.

## АУЫЛДЫҢ АЖАРЫ БӘРІНЕ ОРТАҚ!

**«АУЫЛЫНА ҚАРАП, АЗАМАТЫН ТАНЫ!» - ДЕЙТІН ҰҒЫМҒА СҮЙЕНСЕК, АУЫЛДЫҢ ТАЗАЛЫҒЫ ӘР АУЛАДАН БАСТАЛАДЫ. САЙЫП КЕЛГЕНДЕ АУЫЛДЫҢ АЖАРЫ БӘРІНЕ ОРТАҚ.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2024 жылдың сәуір айынан бастап бүкіл ел бойынша «Таза Қазақстан» тұрақты экологиялық акциясы өткізіліп келеді.

Ол тек сенбіліктерді ұйымдастыруға ғана емес, сонымен қатар қалалар мен ауылдарды абаттандыру және көгалдандыру бойынша жүйелі жұмыстарға бағытталған.

Осыған орай Ойыл ауылдық округіне қарасты Ақшатау және Қаракемер елді мекендерінде санитарлық тазалық және абаттандыру жұмыстарына мониторинг жүргізілді. Ауылдарды аралау барысында тұрғын үйлердің, ескі қора-қопсылардың және бос тұрған ғимараттардың жағдайы қаралып, тұрғындарға аулаларды таза ұстау, ескі нысандарды ретке келтіру, әктеу-сырлау және абаттандыру жұмыстарын уақытылы жүргізу жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар арнайы ескерту парақшалары таратылды. Сондай-ақ қысқы мал азығын дайындау барысы зерделеніп, әрбір тұрғынның шөп қорының дайындық деңгейі анықталды. Қысқа қажетті мал азығын алдын ала жеткілікті мөлшерде дайындаудың маңыздылығы түсіндірілді.

Таза ауыл – ортақ міндет! Әрбір тұрғын өз ауласы мен ауыл тазалығына жауапкершілікпен қарап, туған жерімізді көркейтуге бірге үлес қосайық!

Бастаманы ойдағыдай іске асыру және көп азаматтарды тарту үшін қоғамдық бақылау мен халықтың белсенді қатысуы ерекше маңызға ие.




КҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ - 2026

## Дауыс беру учаскесін қалай табуға болады?

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Жеке сәйкестендіру нөмір ін (ЖСН) енгізу арқылы онлайн-сервистердің көмегімен;

www.gov.kz/sailau

www.sailau.gov.kz

www.sailau2026.gov.kz

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласу арқылы. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді;
3. Сайлаушыға арналған дербес шақыруда орналастырылған QR-кодты пайдалану арқылы.

**Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы**

## АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

**6 тамыз 2026 жыл** **№ 33** **Ойыл селосы**

**Аудандық мәслихаттың кезекті отыз үшінші сессиясын шақыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті отыз үшінші сессиясы 2026 жылдың 18 тамыз күні сағат 11.00-ге аудан әкімдігінің мәжіліс залына шақырылсын.

**Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:**

1. Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы аудан әкімі А.Қ.Қазыбаевтың есебі туралы
**Баяндамашы:** А.Қ.Қазыбаев - аудан әкімі

2. Ойыл аудандық мәслихатының 2025 жылғы №301 «Ойыл ауданы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы» шешімінің ауданда орындалуы туралы
**Баяндамашы:** Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы

3. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының орындалу барысы туралы аудандық білім бөлімінің есебі
**Баяндамашы:** Аудандық білім бөлімінің басшысы

4. Басқа да мәселелер.

**Аудандық мәслихат төрағасы: С.Ғ.Займолдин**

## ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Тамыз айының екінші жексенбісінде атап өтілетін Құрылысшылар күні кәсіби мерекесіне орай аудан әкімі Асқар Қазыбаев бірқатар құрылысшыларды қабылдады.
Іс-шараға аудан аумағында құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігер мекемелердің өкілдері қатысып, құрылыс саласының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген бірқатар азаматтар аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Кездесу барысында аудан әкімі құрылысшылардың ел игілігі жолындағы ерен еңбегі мен жауапты қызметін ерекше атап өтіп, олардың кәсіби шеберлігіне ризашылық білдірді.

## ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС – *МАУСЫМДЫҚ ШАРАЛАРМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ!*



Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес – қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды бағыттардың бірі. Осыған байланысты Ойыл ауданы полиция бөлімі қызметкерлерімен республикалық «Қарасора» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында кешенді профилактикалық және рейдтік жұмыстар жүргізілуде.
Іс-шараның негізгі мақсаты – құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді заңсыз өсіру, дайындау, сақтау, тасымалдау және өткізудің жолын кесу, есірткіге байланысты құқық бұзушылықтарды анықтау және олардың алдын алу. Полиция қызметкерлері аудан аумағындағы ауылдық округтерде, шаруа қожалықтарында, жайылымдық жерлерде және қараусыз қалған аумақтарда рейдтік іс-шаралар өткізуде. Сонымен қатар тұрғындармен кездесулер ұйымдастырылып, есірткінің адам денсаулығына, отбасы мен қоғамға тигізетін зияны, сондай-ақ есірткі қылмыстары үшін заңнамада көзделген жауапкершілік жөнінде кеңінен түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Ағымдағы жылы жедел алдын-алу іс шарасы барысында Ойыл аудандық полиция бөлімі қызметкерлерімен тексеріс жұмыстары барысында 2 дерек есірткі қылмыстық теріс қылық анықталды. Ойыл ауданы полиция бөлімі тұрғындарды заң талаптарын қатаң сақтауға шақырады. Егер құрамында есірткі заттары бар өсімдіктердің заңсыз өсіріліп жатқаны немесе есірткі заттарының заңсыз айналымына қатысты қандай да бір ақпарат белгілі болса, бұл туралы дереу полицияға хабарлау қажет. Есірткіге қарсы күрес – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әсіресе жас ұрпақты зиянды әдеттерден қорғау, салауатты өмір салтын насихаттау және құқықтық мәдениетті қалыптастыру – баршамыздың жауапкершілігіміз.

**Ойыл аудандық полиция бөлімінің криминалдық полиция тобы**

## ТУРИЗМДІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ТЕТІКТЕРІ ЖЕТІЛДІРІЛУДЕ

Енгізілген өзгерістер биылғы жылдың наурыз айында күшіне енген «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңның нормаларына сәйкестендіруге бағытталған. Негізгі мақсат – бизнес үшін рәсімдерді түсінікті ету, әкімшілік кедергілерді азайту және бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету, деп хабарлайды ҚР Туризм және спорт министрлігі.
Kids Go Free бағдарламасы: туроператорлар ұсынатын қызметтердің сапасын арттыру мақсатында туристік өнімге қойылатын талаптар нақтыланды.
Туристік өнімді ішкі туризм саласында қызмет көрсететін туроператор қалыптастыруы, оған баланың эконом-класс бойынша екі бағыттағы әуе тасымалы енгізілуі және кемінде екі түн қонақүйде орналастыру қарастырылуға тиіс. Сонымен қатар турдың төленгенін және баланы алып жүретін адамның туыстық қатынасын растайтын құжаттарды ұсыну міндеттеледі.
Кіру туризмі саласындағы туроператорларға берілетін субсидиялар: елге келетін туристерден түсетін экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында субсидия алу үшін шетелдік туристің Қазақстанда болу мерзімі кемінде алты түн болып белгіленді. Бұл халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді және бюджет қаражатын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Айта кету керек, бұған дейін қолданыста болған талап пандемиядан кейінгі кезеңде кіру туризмін қолдау мақсатында енгізілген болатын. Бүгінде елімізге келетін шетелдік туристер ағыны толық қалпына келіп қана қоймай, 2019 жылғы көрсеткіштен де асты. Осыған байланысты мемлекеттік қолдау ұзақ мерзімді сапарларды ынталандыруға бағытталады. Туроператорларға төленетін субсидия көлемі бұрынғыдай әр турист үшін 15 мың теңге деңгейінде сақталды. Бұл өңірлерде шетелдік туристердің тұруға, тамақтануға, экскурсиялар мен өзге де қызметтерге жұмсайтын шығындарының артуына ықпал етеді деп күтілуде.
Санитариялық-гигиеналық тораптар: санитариялық-гигиеналық тораптардың сапалы жұмысын қамтамасыз ету үшін субсидияланатын шығыстардың нақты тізбесі айқындалды. Оған тазалау, дезинфекциялау, коммуналдық қызметтер, сумен жабдықтау, жарықтандыру, қалдықтарды шығару және пайдалану шығындары кіреді. Субсидия мөлшері бұрынғыдай айына 83,3 мың теңге көлемінде сақталды. Сонымен қатар нысандардың нақты жұмысын бақылау күшейтіліп, тексерулер жүргізу, фото және бейнетіркеу, сондай-ақ тұрақты мониторинг жасау көзделген.
Инфрақұрылымдық жобалар: туристік инфрақұрылымды мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы шаралары сақталды. Мемлекет тау шаңғысы курорттарына арналған жабдықтар мен техниканың құнының 25%-ын, туристік автобустардың құнының 25%-ын, сондай-ақ жол бойындағы сервис нысандарын, визит-орталықтар мен туристерді орналастыру орындарын салуға жұмсалған шығындардың 10%-ын өтеуді жалғастырады. Сонымен қатар қолдау көрсетілетін нысандар мен жабдықтардың тізбесі жүйеленіп, құжаттарға қойылатын талаптар, өтінімдерді қарау мерзімдері және шешім қабылдау тәртібі нақтыланды. Бұл мемлекеттік қолдау тетіктерінің ашықтығын арттырып, бизнес үшін рәсімдерді түсінікті етеді.
Басым туристік аумақтар: басым туристік аумақтарды айқындау жөніндегі өкілеттіктер өңірлік деңгейге берілді. Енді жергілікті атқарушы органдар мұндай аумақтарды өздері белгілеп, олардың шекарасын айқындай алады және әр өңірдің туристік әлеуетін ескере отырып шешім қабылдайды.
Бұл туристік әлеуеті жоғары аумақтарды жедел дамытуға және олардың ерекшеліктерін тиімді ескеруге мүмкіндік береді.
Қабылданған өзгерістер туризмді мемлекеттік қолдаудың тиімді әрі ашық жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Олар бір жағынан бизнес үшін рәсімдерді жеңілдетсе, екінші жағынан бюджет қаражатының мақсатты әрі тиімді пайдаланылуына бақылауды күшейтеді. Өзгерістерді әзірлеу барысында СЖТС нәтижелері (сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау), құқық қолдану тәжірибесі, сондай-ақ бизнес қауымдастығы мен жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары ескерілді.

## «ҚАЗАҚТЫҢ ДӘМІ – БАЛ ҚЫМЫЗ!»

**ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰЛЫҚТАУ, САЛТ-ДӘСТҮРДІ НАСИХАТТАУ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ДӘРІПТЕУ МАҚСАТЫНДА «ҚАЗАҚТЫҢ ДӘМІ — БАЛ ҚЫМЫЗ!» АТТЫ ТАНЫМДЫҚ КЕЗДЕСУ ӨТТІ. ШАРАНЫҢ ҚОНАҒЫ – «СИРАЖ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНЫҢ ИЕСІ ЕРКЕБҰЛАН СИРАЖОВ БОЛДЫ.**

Кездесу барысында Еркебұлан Мұханбетжанұлы халқымыздың ғасырлар бойы қастерлеп келген қымыздың қадір-қасиеті, оның адам денсаулығына тигізер шипалық әсері, дайындалу ерекшелігі және ұлттық мұрамыз ретіндегі орны жайында тағылымды әңгіме өрбітті. Ол ата-бабадан аманат болып жеткен жылқы шаруашылығы мен қымыз өндіру дәстүрін сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізіп жүрген азамат ретінде маңызын ерекше атап өтті. Ұлттық сусынның тек тағам ғана емес, қазақтың тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен және рухани болмысымен біте қайнасқан асыл мұра екендігіне тоқталды.
Іс-шараның мазмұнын толықтыра түскен Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің қызметкері Дана Жолдасқызы арнайы әзірленген көрмені таныстырып, қымыз мәдениетіне, жылқы түлігіне және халқымыздың бай этнографиялық мұрасына қатысты тарихи жәдігерлер туралы мағлұмат берді. Көрме қатысушылардың ұлттық тарихқа деген қызығушылығын арттырып, ата дәстүрдің өміршеңдігін айшықтай түсті.
Кездесу еркін пікір алмасу форматында жалғасып, орталықтың қатысушылары өздерін толғандырған сауалдарын қойып, мазмұнды әрі түсімды жауаптар алды. Әңгіме барысында үлкендердің өмірлік тәжірибесі мен қонақтың өнегелі ойлары сабақтасып, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, табиғи өнімнің қадірін бағалау және саламатты өмір салтын ұстану төңірегінде келелі пікірлер айтылып ЕркебұланМұханбетжанұлының ұсынған қымызынан дәм татты.
Шара соңында қатысушылар ақжарма тілектерін білдіріп, ақсақалдар ақ батасын берді. Бұл кездесу ұлт мұрасын ұлықтап, ата кәсіптің абыройын асқақтатуға, сондай-ақ кейінгі буынның ұлттық тағамға деген құрметін арттыруға бағытталған тағылымды басқосу болды.
Іс-шараның қорытындысында Ойыл аудандық белсенді ұзақ өмір сүру орталығының атынан Сиражов Еркебұлан Мұханбетжанұлына ұлттық мұраны дәріптеуге, ата кәсіпті дамытуға және салауатты өмір салтын насихаттауға қосқан үлесі үшін Алғыс хат пен естелік сыйлық табысталды.



## ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

**ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНЫҢ 10 БАБЫНЫҢ 3 ТАРМАҒЫНА СӘЙКЕС УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ МҮШЕЛІГІНЕН ШЫҒЫП ҚАЛҒАН БОС ОРЫНДАРҒА САЙЛАУ ҮДЕРІСІНІҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ.**

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.
Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы.
Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.
Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2026 жылдың 6 тамызынан бастап 21 тамызына дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:
1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;
2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;
3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;
4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.
Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.
Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы керек.
Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.
Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2026 жылдың 21 тамызына дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 09:00 ден 18:30-ге дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12.30-дан 14:00-ге дейін.
Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй.
Жауапты тұлға – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-705-918-28-96 электрондық пошта: maslihat.uil@mail.ru

### САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

| Учаскелік сайлау комиссиясының атауы | Комиссия құрамындағы бос орын саны |
|---|---|
| № 408 учаскелік сайлау комиссиясы | 1 |

## ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

**УИЛСКИЙ РАЙОННЫЙ МАСЛИХАТ В СООТВЕТСТВИИ С ПУНКТОМ 3 СТАТЬИ 10 КОНСТИТУЦИОННОГО ЗАКОНА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «О ВЫБОРАХ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН» ОБЪЯВЛЯЕТ О НАЧАЛЕ ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА НА ВАКАНТНЫЕ МЕСТА, ВЫБЫВШИЕ ИЗ ЧЛЕНОВ УЧАСТКОВЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИИ.**

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.
В случае отсутствия представлений политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и вышестоящей избирательной комиссии.
Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 6 августа по 21 августа 2026 года представляют в маслихат следующие документы:
1) сведения о кандидатурах в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;
2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующей избирательной комиссии;
3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.
Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан». Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.
В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Конституционного закона о выборах, более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации.
В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).
Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.
Прием представлений по составу избирательных комиссий осуществляется до 21 августа 2026 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 12:30 до 14:00 часов.
Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата: Уилский район, село Уил, ул.Курмангазина 43.
Ответственное лицо – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, междугородный телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 8705-918-28-96, электронная почта: maslihat.uil@mail.ru

### ВАКАНСИИ ПО ИЗБИРАТЕЛЬНЫМ КОМИССИЯМ:

| Наименование участковой избирательной комиссии | Число вакантных мест |
|---|---|
| Участковая избирательная комиссия № 408 | 1 |

# Бау-бақшаның білгірі немесе „Спартактың қарбызы“ қалай брендке айналды?

**ОЙЫЛДЫҚ СПАРТАК ТӨРЕМҰРАТОВТАН СҰХБАТ АЛАТЫНЫМДЫ ЕСТІГЕНДЕ ӘРІПТЕСІМ: «ҚАЗІР БАЗАРДА ҚАУЫН-ҚАРБЫЗ ТОЛЫП ТҰР, БІРАҚ ДӘМІ ҚЫРКҮЙЕКТЕ ШЫҒАТЫН ОЙЫЛДЫҢ ҚАУЫН-ҚАРБЫЗЫНЫҢ ДӘМІНЕ ЖЕТПЕЙДІ. СОНЫ ОТБАСЫМЫЗБЕН ІЗДЕП ЖҮРІП САТЫП АЛАМЫЗ. СОЛАР ҚАЛАЙ ТӘТТІ ҚЫЛЫП ӨСІРЕДІ ЕКЕН?» ДЕДІ. «БҰЛ СҰРАҚҚА ЖАУАПТЫ МЕНІҢ КЕЙІПКЕРІМНЕН БІЛЕМІЗ», — ДЕДІМ. АЛ, КЕТТІК ЕНДЕШЕ...**



### Ойылдың өнімі неге тәтті?

Спартак дегенде ойыма бірден Ежелгі Римде еркіндік үшін күрескен әйгілі гладиатор түсті. Ал Ойылдың Спартағы — Спартак Төремұратов өз «майданын» атыз басында жүргізіп, жеңісін де, жемісін де сол жерден тауып отыр. Оның қаруы — кетпен, серігі — еңбек, ал жеңісі — жұрт іздеп жүріп алатын Ойылдың қауын-қарбызы.

— *Туған жерім — Ойылдың Саралжыны. Мектепті үздік бітіріп, Орынбор ауыл шаруашылығы техникумында зоотехник мамандығы бойынша білім алдым. Совхоздар ыдырап, талан-тараж болған тұста менің мамандығыма сұраныс болмай қалды да, Ақтөбе қаласында бес-алты жылдай әр салада жұмыс істеп, 2000 жылы ауылға келдім. Біздің ауыл Ойыл және Қиыл өзендерінің сағасында жатыр. Су мол. Бос жатқан жер де жетеді. Неге осындай мүмкіндікті пайдаланып, бау-бақша екпеске деп ойладым. Бұрын ауылға кәрістер келіп, қауын-қарбыз егетін. Жақсы шығатын. Содан осы іске іштей бел байладым,* — дейді «Спарта» шаруа қожалығының басшысы, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» Спартак Төремұратов.

Спартак Төремұратовтың зайыбы Жанат Қожантаева Қызылорда жақтан. Қайын атасы қызы мен күйеу баласына қолғабыс етуге келіп, алдымен үш, кейін алты гектарға қауын-қарбыз егеді. Одан кейін тағы бір бағбан туысы келіп, үш жыл бойы бау-бақша егудің қыр-сырын үйретеді. Осылайша Спартак ТөремұратовОйыл табиғатына үйлесіңкіремейтін кәсіпті жолға қояды.

— ***Біздің жердің, табиғатының өзгешелігі бар, соны ескеру керек. Мен Қызылорда жақтың бау-бақша өсіру әдісін өз жерімізге бейімдеуге бар күшімді салдым. «Қазақ қауын-қарбыз егуді кәсіп қыла ма?» деп күлгендер болды. Өнім шыға ма, шықпай ма деп өзім де уайымдадым. Дегенмен көз — қорқақ, қол — батыр деген, кәсіпті бастап кеттік. Негізі, біздің Ойылда өспейтін нәрсе жоқ, ретін тапсаң, қалағаныңды өсіруге болады екен,*** — дейді ол.

Спартак Төремұратов 2009 жылы бірінші рет жәрмеңкеге ауыл өнімдерін апарған кезде қауын-қарбыздың Ойылда өсірілгеніне ешкім сенбегенін айтады. Қарбыздың екі түрі, қауынның он шақты түрі, қырыққабаттың брокколи, кольраби секілдібірнеше түрін сөреге шығарғанда: «Қара қауын, күләбі, торпедо дегендерді Ойылда өсіру мүмкін емес, сендер оңтүстіктен әкеліп сатып жатырсыңдар», — деп кекете күлгендер де болыпты.

— *Ал енді бүгін Ақтөбе базарларында тұтынушылардың «Спартактың қауыны, қарбызы керек» деп арнайы іздейтінін білемін. Ең дәмдісі, ең қымбаты — менің бақшамның өнімі. Дегенмен өнімнің дәмін ерекше қылып өсіретіндей еш құпиям жоқ, әрине, ешқандай химикат пайдаланбаймын, гербицид, фунгицид дегенді мүлде қолданбаймын, аздап минералды тыңайтқыш — селитра саламыз. Арамшөпті қолмен жұламыз, ал былайынша бау-бақшаны күтіп-баптау жұмысының барлығы жұртпен бірдей сияқты.Мұның бәрі — адал еңбек пен маңдай тердің нәтижесі деп ойлаймын. Бәлкім, бау-бақша жұмысына балалар көмектесетін болғасын тәтті болатын шығар?..* — дейді бағбан.

Спартак Төремұратов тұтынушылар тарапынан әсіресе сары қауынға деген сұраныс көп екенін айтады. Өте тәтті, бірақ сағағынан үзілгеннен кейін бір-екі күн ғана бұзылмай тұратын қауынды жұрт іздеп жүріп алады екен.

— *Жұрт бұл қауынның атауы «Жамбылша» дейді, мен тіпті оның атауын да білмеймін. Өте тәтті болғанымен, тез бұзылғыш. Бірақ дәмі таңдайыңнан кетпейді, соған сай бағасы да қымбатырақ. Қазір қауын-қарбыз жайлап пісіп жатыр, піскен бойда үзіп алып, жолға апарып сатып жатырмыз. Жұрт«сабағы қураған болса, шытырлап тұрса, шерткенде дауыс шықса, жақсы піскен қарбыз» деп жатады, орның бәрі бекер сөз. Қарбызды сабағының қасындағыкішкентай ғана мұрты мен жапырағы қурағанда үзу керек.*

*Ойылдың қарбыз-қауыны — жергілікті бренд. Оны одан әрі дамыту үшін молырақ егіп, сыртқы нарыққа шығару керек деп есептеймін. Оған біздің қолымыз қысқа. Ойылда қауын өте жақсы өседі. Бірақ оны өткізетін жер жоқ. Бір кездері шетелдік F1 гибридті қауынын егіп көрдім. Сипаттамасында «1,5 келі тартады» деген қауын 3 келі, «3 келі» дегендері алты келі болып пісті. Дәмі де ерекше болды. Бірақ түрі өзгешелеу болғасын ба, дәмі де біздің қауынға қарағанда басқаша болғасын ба — өткізу қиын болды.*

*Дегенмен, өсімтал. Міне, сол өнімді шетелге өткізуге мүмкіндік болса, табысты болар едік, себебі, су бар, жер бар, бағбандар бар, тек өткізетін нарық жоқ. Сол мәселе болып тұр. Ал қазіргі менің бақшамда өсіріп жатқан қауынтез бұзылатындықтан, оны алысқа апарып сата алмаймыз,* — дейді ол.

### Жиырма гектар жердің өнімі

Бүгінде Ақтөбе базарларында еліміздің оңтүстік өңірлерінде піскен қауын-қарбыз сатылып жатыр.Көп. Жергілікті бағбандардың да қауын-қарбызы олардан кем түспейді. «Спарта» басшысының айтуынша, бүгінде Ақтөбенің түкпір-түкпірінде қауын-қарбыз өсіретіндер баршылық.

— *Олардың арасында: «Аға, сіздің кәсібіңізді көріп, біз де бастадық», — дейтіндер бар. Бүгінде «ұстаздан шәкірт озды», кейде мен олардан ақыл сұраймын.*

*Табиғаттың ерекшелігіне байланысты біздің өнім кештеу піседі. Оған дейін оңтүстік өңірлердің өнімдері сатылады.Олардың өнімі жолда біраз жүретіндіктен, қауын-қарбызды шикілеу қылып үзуге тура келеді, себебі піскен өнім жолда ұрылып, соғылып, тез бұзылып кетеді.*

*Ақтөбеге көктем ерте келгенмен, топырақ жай қызады. Дән өну үшін топырақтың температурасы 14-градустан жоғары болуы керек. Мен кәсіппен айналысқалы 18 жылда ауа-райы біраз өзгерді: алғашқы жылдары сәуірдің аяғы-мамырдың басында егетінмін, қазір жұмысты мамырдың аяғында бастаймыз,* — дейді ол.

Бағбанның айтуынша, биыл толассыз жаңбыр салдарынан жұмыс кешеуілдеп қалған, әрі ара ұшпай, тозаңдану жүрмей, шілдеде пісуі керек өнім тамызда ғана пісіп жатыр екен. Жалпы, ауылшаруашалығы саласы — бірде көл, бірде шөл дегендей, тәуекелге толы сала.

2019 жылы құрғақшылық болып, бағбан бір күнде суаратын жерді жиырма күн бойы суарып, өнім ала алмай, су құмға сіңіп, 15 миллион теңгедей қарызға батып қалыпты. Содан бері ауа райы болжамын жіті бақылап, әр маусымға алдын ала қамдануды әдетке айналдырған. Сырт көзге суы болса, құнарлы жері болса, жұмыс күші болса, бау-бақша өсіру аса қиын шаруа емес сияқты көрінуі мүмкін. Алайда, қарапайым ғана қарға қууға 1-1,5 миллион теңге қаражат жұмсалатынын, қараусыз жүрген малдың әлегін айтса да жеткілікті болар. Дегенмен «шегірткеден қорыққан егін екпейді».

— *Тұқымды сатып аламыз, бір қиыны тұқымға қарап, өнімнің сапасы қандай болатынын біле алмаймыз. Былтыр қарбыз тұқымының сапасыз болуына байланысты өнімнің дәмі де, сыртқы пішіні де көңілден шықпады. Тұқымды жеткізуші компания бұған дейін бірнеше жыл бойы өсіріп жүрген, тұтынушылар арасында сұранысқа ие «Ромериа» сұрпының орнына сапасы нашартұқым бергені кейін белгілі болды. Жеткізуші компания тексеру жүргізетінін айтты. Сапасыз тұқымның салдарынан бірнеше жыл бойы қалыптасқан тұтынушылар сенімінен айырылып қала жаздадым. Дегенмен биыл өнімімізді қайта шығара бастағаннан бері тұрақты сатып алушыларымыз іздеп келіп, қашан сатылымға шығатынын сұрап, күтіп жүр. Мен үшін сапа бірінші орында,* — дейді бағбан.

Ең алғашқы жылдары үш гектар жерден кәсіп бастаған бағбан бүгінде 20 гектарға өнім егеді. Аумақты одан әрі кеңейтуге мүмкіндік болғанымен, дайын өнімді өткізу қиындық туғызатынын айтады кәсіпкер. Бүгінде бақшада ақ, қара, ала қарбыз, іші сары, сырты сары қарбыз секілді өнімнің жиырма түрі өсіп жатыр екен.

— *Өнімнің бәрі бірдей өтімді емес. Тұтынушылар алдымен қарбыздың көлеміне қарайды — қарбыз ірі болуы керек. Одан кейін бағасына, ең соңында ғана дәміне мән береді. Қарбыздың дәмі жақсы болғанымен, көлемі шағын болса, сатып алушылар оны ұнатпайды. Мысалы, салмағы 3–5 келі болатын кішкентай қарбыз көбіне сатылмай, қалып қояды. Бұрын малым болған кезде оны малға беретін едім. Алайда 2024 жылғы су тасқыны кезінде малым суға кетті. Қазір санаулы ғана сиырым бар, жайылымда жүреді. Мал азығы ретінде қарбыз бен қауын өте пайдалы. Оларды жеген мал тез семіреді, еті жұмсақ әрі дәмді болады. Мен сойылатын малды қарбыз бен қауын беріп баптаймын. Сонда мал жақсы қоңданады, тіпті кәрі малдың етінің өзі жұмсақ болып піседі,*— дейді ол.

### Ойылдың бағбан балалары

Бау-бақшада бүгінде үш ересек адам, мектеп жасындағы 16 бала еңбек етіп жүр екен. Бағбан еңбекті сүйетін балаларды жыл сайын Астана, Алматы, Түркістан қалаларына қыдырып қайту үшін тегін жолдама береді. Биыл Өзбекстанның Ташкент, Самарқанд қаласына жіберуді жоспарлап отыр екен. Бағбанның айтуынша, бұл мұның мақсаты — балаларды еңбегі үшін ынталандырып қана қоймай, дүниетанымын кеңейту. Саяхаттауды, кітап оқуды және футболды жақсы көретін шаруашылық иесі өзі қызығатын дүниелерді жастарға да насихаттап келеді.

Спартак Төремұратовтың айтуынша, балалар таңғы сағат 6-да тұрып, 7-де бақшаға аттанады. Күніне бірнеше сағат еңбек етеді:

— *Осы арқылы олар еңбектің не екенін, ақшаның қалай және қандай жауапкершілікпен келетінін түсінеді. Бақшадағы жұмыс оңай емес. Бірақ осы жұмыстан өткен бала кейін басқа істен қинала қоймайды, піседі, шыңдалады. Үйде босқа телефон қарап жатқанша, еңбек еткені жақсы ғой,* — дейді Спартак Төремұратов.

Бағбанның айтуынша, шаруашылыққа сырттан тәжірибелі жұмысшыларды тартса, шығын азайып, жұмыс та жеңілдеуі мүмкін. Алайда ол ауыл балаларына жұмыс беріп, оларға ақыл-кеңес айтып, өмірлік тәжірибесімен бөлісуді маңызды көреді. Осылайша былтыр «Мерейлі отбасы» ұлтттық конкурсының облыстық кезеңінің жеңімпазы атанып, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған шаруашылық иесі жылдар бойы жинаған тәжірибесін жас буынға жеткізуге тырысады.

Спартак Төремұратов ауыл жастарының бос уақытын тиімді өткізуіне де жағдай жасап отыр. Ауылда оның дүкені, караоке, бильярд залы және би алаңы бар. Мұнда жастар бас қосып, бильярд ойнап, туған күн сияқты шағын мерекелерін атап өтеді.

Бағбан ауылды көркейту ісіне де ерекше көңіл бөліп отырғанын айтады. Ол 2019 жылы алма бағын салуды жоспарлап, екі миллион теңгеге 500 түп алма, алмұрт, өрік және басқа да жеміс ағаштарының көшетін сатып алып еккен. Алайда көбі жерсінбей, қурап қалыпты.

— *Сол кезде көшетті таңдауда және егу кезінде қателік жібергенімді түсіндім. Бірақ бұл ойымнан бас тартқаным жоқ. Кейін Алматы маңындағы питомниктен көшет алдырдым,* — дейді ол.

Кейінгі екі жылда Спартак Төремұратов оңтүстік өңірлерден алма ағашының көшеттерін, сондай-ақ раушан гүлдерін алдырып, ауыл тұрғындарына тегін таратып келеді. Былтыр 100 түп алма және 100 түп раушан гүлінің көшетін үлестірген. Алма көшеттерінің барлығы дерлік көктеп, кейбірі биылдың өзінде алғашқы жемісін бере бастаған. Раушан гүлдерінің де дені жерсініп, өсіп шыққан.

Биыл да ол 100 түп алма ағашымен қатар шие, жүзім және басқа да өсімдіктердің көшеттерін сатып алып, ауыл тұрғындарына тегін таратқан.

— *Көшеттерді өз қаражатыма сатып алып, ауыл тұрғындарына тегін үлестіремін. Кейін кімнің көшеті көктеді, кім алғашқы өнімін алды — бәрін сұрап, хабарласып отырамын. Ауылымыз көркейіп, әр үйдің ауласында жеміс ағаштары мен әдемі гүлдер өссе деймін,* — дейді бағбан.

Алдағы уақытта ол алма ағашымен ғана шектелмей, түрлі жеміс ағаштары мен әсем гүлдейтін бұталар және сәндік ағаштардың көшетін әкеліп, ауыл тұрғындарына таратуды жоспарлап отыр. Оның басты мақсаты — туған ауылын жасыл желекке орау.

Бағбан Саралжын ауылының қарсы бетіндегі Көктал аумағында демалыс орнын ашуды армандайды. Ол өзен жағасына шағын жайлы үйлер салынып, қажетті инфрақұрылым тартылса, мұнда келіп демалатындар көбейер еді дейді. Сонымен қатар ол өзеннің ағысы баяу тынық қолтығын балық шаруашылығына бейімдеп, демалушыларға балық аулау мүмкіндігін ұсынуға болады деп есептейді.

Спартак Төремұратов пен зайыбы Жанат Қожантаева алты перзент өсіріп отырған көпбалалы отбасы. Үлкен балалары Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің мұғалімі болып істейтін анасының жолын қуып, педагог болуды таңдапты, кішкентайлар мектепте оқиды. Бау-бақша шаруасына жолдасы мен балалары да көмектеседі екен. Адал еңбектің арқасында ризық-несібеге молынан кенеліп отырған кәсіпкер туған жердің табиғи мүмкіндігін тиімді пайдаланып, ауылды гүлдендіргісі келетінін айтады.

*«Егер қолдау көрсететін, қаржы салатын инвестор болса, көп жұмыс жасар едік»,* — дейді С.Төремұратов.

**Мейрамгүл РАХАТҚЫЗЫ.**

# «Ескі де, есті әндерді» сағынғандар көп екен

Жұма күні кешкісін Ойыл ауданында тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, мақсатында Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы саябақта «Oiyl Live» мәдени жобасының маусымы аясында «Сағындырған әндер-ай» ретро кеші өтті.

Аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары көпшілікке концерттік бағдарлама ұсынып, әсем әндер мен көркем музыкалық шығармаларды орындады. Ашық аспан астында өткен кеш көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлап, аудан тұрғындарының ыстық ықыласына бөленді. «Сағындырған әндер-ай» атты концерттік бағдарлама көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлаған мазмұнды мәдени шара болды. Уақытпен үндескен бұл кеш өткен мен бүгінді жалғап, сағынышқа толы сәттерді жаңғыртты.

Сахналық көріністер мен музыкалық композициялар үйлесімді өріліп, кештің мазмұнын байыта түсті.

Бағдарлама барысында әр кезеңнің жүректерден орын алған әуендері орындалып, көрермендерге өткен жылдардың әсерлі сәттерін еске түсіруге мүмкіндік берілді. Мұндай мәдени кештер ауданның рухани өмірін байытып, өнерге деген құрметті арттыра түсетіні анық.

# Тәрбие тағылымын толғаған аналар

**«ТӘРБИЕ БАСЫ – ТАЛ БЕСІК». ҚАЗАҚ ҮШІН МАҒЫНАСЫ ТЕРЕҢ ОСЫ СӨЗДІҢ АСТАРЫНДА ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ, АНА ӨНЕГЕСІ, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ЖАТЫР. ОСЫ ТАҚЫРЫПТЫ АРҚАУ ЕТКЕН ТАҒЫЛЫМДЫ ЭССЕ БАЙҚАУЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН, ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН ӨТТІ.**



Байқауға орталықтың 18 қатысушысы атсалысып, ана тәрбиесі, ұлттық салт-дәстүр, отбасы құндылығы мен ұрпақ сабақтастығы жайында өз ойларын қағаз бетіне түсірді. Әр эсседен автордың өмірден түйгені, көргені мен көңілге тоқып жүргені аңғарылып, аға буынның кейінгі ұрпаққа айтар ақыл-кеңесі мен тағылымы көрініс тапты.

Жазылған шығармаларды ауданымыздың қоғамдық, мәдени және рухани өміріне өзіндік үлес қосып жүрген білікті қазылар алқасы саралады. Байқау қорытындысы бойынша үздік жұмыстар өз бағасын алды. I орын және «Үздік шығармашылық жұмыс» номинациясы – Айжан Алманиязоваға, II орын және «Тіл көркемдігі» номинациясы – Әлия Базарбаеваға, III орын және «Тәрбиелік мәні жоғары эссе» номинациясы – Қанифа Тұрмұхановаға бұйырды.

Жүлдегерлер арнайы марапаттармен атап өтілсе, байқауға белсене қатысқан өзге 15 қатысушыға ұйымдастырушылар атынан Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Бұл байқаудың жөні бөлек. Себебі қалам ұстаған аналар – өмірдің талай белесінен өткен, көргені мен көңілге түйгені мол жандар. Олардың әрбір жазған жолынан өмірлік тәжірибе, аналық жүректің мейірімі мен ұрпаққа деген алаңдаушылық сезіледі.

Шараның негізгі мақсаты да – ақ жаулықты аналардың осындай тағылымды ойларын кейінгі буынға жеткізу. Әсіресе жас аналар мен келіндерге отбасы тәрбиесінің маңызын түсіндіріп, ұлттық құндылықтарды бойға сіңірудің мәнін ұғындыру.

Ал, байқаудың үздік үш эссесі оқырман назарына «Ойыл» қоғамдық-саяси газетінде ұсынылады.

**Өз тілшіміз**

# Hi-Tech жедел-профилактикалық іс-шарасы киберқылмысқа қарсы күрестің маңызды бағыты



Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы азаматтардың өмірін жеңілдеткенімен, интернет арқылы жасалатын қылмыстардың да көбеюіне ықпал етуде. Осыған байланысты Ойыл ауданы полиция бөлімі қызметкерлерімен ағымдағы жылдың 1 шілдесі мен 30 қыркүйек аралығында өткізіліп жатырған «Hi-Tech» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында киберқылмыстардың алдын алу және олардың жолын кесу бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Іс-шараның негізгі мақсаты – ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жасалатын құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу және алдын алу, сондай-ақ азаматтардың цифрлық қауіпсіздік деңгейін арттыру. Іс-шара барысында полиция қызметкерлері мемлекеттік мекемелерде, білім беру ұйымдарында, кәсіпкерлік нысандарында және халық көп шоғырланатын орындарда түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, интернет алаяқтарының жиі қолданатын айла-тәсілдері туралы кеңінен ақпарат беруде. Сонымен қатар тұрғындарға банк картасының деректерін, SMS-кодтарды және жеке мәліметтерді бөгде адамдарға бермеу, күмәнді сілтемелерге өтпеу, белгісіз қосымшаларды жүктемеу және жалған хабарламаларға сенбеу қажеттігі түсіндірілуде. Ойыл ауданы полиция бөлімі азаматтарды интернет кеңістігінде сақ болуға шақырады. Егер өзіңізге қатысты интернет алаяқтығы немесе өзге де киберқылмыс жасалған болса, уақыт оздырмай полицияға хабарлап, қажетті ақпаратты ұсынған жөн. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету – заман талабы. Интернеттегі қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы әрбір азамат өз қаражатын, жеке деректерін және цифрлық қауіпсіздігін қорғай алады. Ойыл ауданы полиция бөлімі тұрғындарды қырағылық танытуға, заң талаптарын сақтауға және киберқылмыстың алдын алуға бірлесе атсалысуға шақырады.

**Ойыл аудандық полиция бөлімінің криминалдық полиция тобы**